

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

ӨRLEU

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

БАСТАУЫШ СЫНЫП БОЙЫНША ТЕСТ ЖИНАҒЫ

АСТАНА
2025

БАСТАУЫШ СЫНЫП БОЙЫНША ПӘНІНЕН ТЕСТ ЖИНАҒЫ

Бастауыш сынып бойынша пәні бойынша оқушылардың білімін тексеруге және тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды қамтиды. Тапсырмалар төрт жауаптың бір дұрыс жауабы бар типте берілген.

Тапсырмалар бастауыш сынып бойынша пәнінің барлық негізгі бөлімдерін қамтиды. Тапсырмалардың шешімдерін өз бетінше тексеру үшін жинақтың соңында жауаптары берілген.

Жинақ өз бетінше жұмыс істеу үшін, сондай-ақ сабақтарда қолдануға қосымша ретінде пайдалану үшін ұсынылады.

ТАҚЫРЫПТАР:

- Математика
- Жаратылыстану
- Қазақ тілі
- Әдебиеттік оқу

ТЕСТ

Математика

- Шамалар және олардың өлшем бірліктері
- Теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер
- Жиындар, тізбектегі заңдылықтар
- Санды және әріпті өрнектер
- Бөлшектер, аралас сандар, ондық бөлшектер
- Математикалық модельдеу

1. Есептеңіз: $4045:5+451\cdot75-(729-642)$

- A) 34547
- B) 34546
- C) 33547
- D) 34647

2. Теңдеуді шешіңіз: $328-(y+6):4=228$

- A) 395
- B) 296
- C) 394
- D) 206

3. Кестедегі әр бағандағы және әр жолдағы сандардың қосындысы бірдей. $A + B + D$ қосындының мәнін табыңыз

A	B	C
6	5	4
D	8	5

- A) 15
- B) 13
- C) 14
- D) 11

4. Жаяу адам a км жаяу жүруі керек. Ол b км/сағ жылдамдықпен 4 сағат жүрді. Оның жаяу жүруіне неше километр қалды? Өрнекті құрастырып, оның $a = 46$; $b = 8$ болғандағы мәнін табыңыз.

- A) 12 км
- B) 14 км
- C) 10 км
- D) 8 км

5. Сыныпта 32 оқушы бар. Оның $1/4$ -і оқу озаты, $1/2$ -і оқу екпіндісі, қалғандары орташа оқитын оқушылар. Сыныпта неше оқушы орташа оқиды?

- A) 7
- B) 9
- C) 6
- D) 8

6. 100 адамның 85-і ағылшын, 80-і испан, 75-і неміс тілінде сөйлейді. Барлығы кем дегенде бір шет тілінде сөйлейді. Олардың арасында екі шет тілін білетіндер жоқ, бірақ үш тілді білетіндер бар. Осы 100 адамның қаншасы үш тілде сөйлейді?

- A) 70

- B) 40
- C) 25
- D) 60


7. Әкесі қазір 45 жаста. Ұлдары сәйкесінше 15, 11 және 7 жаста. Неше жылдан кейін әкесінің жасы ұлдарының жастарының қосындысына тең болады?

- A) 6
- B) 5
- C) 8
- D) 7

8. Турист 27 км жаяу жүруге мәжбүр болды. Таңертең ерте 2 сағат 5 км/сағ жылдамдықпен жүрді, одан кейін і 2 сағатты 4 км/сағ жылдамдықпен жүріп, қалған қашықтықты 3 сағатта жүріп өтті. Егер оның осы учаскедегі жылдамдығы өзгермеген болса, онда ол соңғы бөлігінде қандай жылдамдықпен жүрген?

- A) 4 км/сағ
- B) 9 км/сағ
- C) 3 км/сағ
- D) 8 км/сағ

9. ABCDEF көпбұрыштың ауданын табыңыз.



- A) 328 dm^2
- B) 104 dm^2
- C) 147 dm^2
- D) 429 dm^2

10. Төрт көйлек курткадан 8% арзан. Бес көйлек курткадан қанша пайызға қымбат?

- A) 12%
- B) 15%
- C) 14%
- D) 10%

11. Жақтауы бар картина 13200 теңге тұрады, ал картина жақтаудан 10 есе қымбат. Жақтау қанша теңге тұрады?

- A) 1200 теңге
- B) 1020 теңге
- C) 1320 теңге
- D) 1300 теңге

12. Жаяу жүргінші ауылдан шығып, қалаға қарай бет алды. 2 сағаттан кейін қаладан жаяу жүргіншіге қарай велосипедші шықты. Жаяу жүргінші кездескенге дейінгі 20 км жолды 5 сағатта жүріп өтті. Ауыл мен қаланың арасы 50 км болса, велосипедшінің жылдамдығы жаяу жүргіншінің жылдамдығынан қаншаға артық?

- A) 3 км/сағ
- B) 5 км/сағ
- C) 6 км/сағ
- D) 7 км/сағ

13. Бір бөшке судан 29 шелек су алып, одан кейін 26 шелек су құйғанда, онда 36 шелек су болы. Бөшкеде алғашында неше шелек су болған?

- A) 39
- B) 36
- C) 26
- D) 38

14. Өнімнің құны 1000 теңге болған. Сатушы бағаны 10%-ға көтерді де, бір айдан соң оны 10 %-ға төмендетті. Өнімнің бағасы қанша теңге болды?

- A) 1090 теңге
- B) 980 теңге
- C) 990 теңге
- D) 1080 теңге

15. 5 сағат 20 минуттың төрттен бірі бөлігін табыңыз.

- A) 1 сағ 30 минут
- B) 1 сағ 20 минут
- C) 1 сағ 10 минут
- D) 1 сағ 40 минут

Жаратылыстану

- *Жанды табиғат. Адам*
- *Табиғат физикасы*
- *Жанды табиғат. Өсімдіктер мен жануарлар*
- *Мен – зерттеушімін*

1. Әлішер байқаусызда ыстық табаға қолын тигізіп, қолын күрт тартып алды, бірақ оның ауырсынуды сезінбеуі және қорқуға уақыты болмады. Осы іс- әрекетке әсер еткен адам ағзасының жүйесін көрсетіңіз.

- A) қан айналымы
- B) тыныс алу
- C) жүйке
- D) ас қорыту

2. Архимед күшінің мөлшеріне қатысты ақиқат пікірді анықтаңыз.

- A) дене салмағы
- B) денені суға батыру тереңдігі
- C) судың тығыздығы және суға батқан дененің көлемі
- D) судың температурасы

3. Тұқымдарының ілмегі бар және жануарлардың жүніне немесе адамның киіміне оңай жабысып таралатын өсімдікті сипаттама бойынша анықтаңыз.

- A) үйеңкі
- B) қамыс
- C) бұршақ
- D) ошаған

4. Суретті пайдаланып, суретте көрсетілген қорғаныс құрылымының мақсатын анықтаңыз.



- A) табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану
- B) орман өрттерімен күрес
- C) қала көшелерін көгалдандыру
- D) ормандарды кесуге тыйым салу

5. Оқушылар суы бар стақандарға қант, тұз, ұн, күріш қосып эксперимент жасады. Пайда болған қоспаны араластырып, салыстырды. Эксперименттің мақсатын анықтаңыз.

- A) судың түсін зерттеу
- B) судың аққыштығын зерттеу
- C) судың жылу өткізгіштігін зерттеу
- D) заттардың суда ерігіштігін зерттеу

6. Эксперимент жоспарын қалпына келтіріңіз.

1. Қорытындыны тұжырымдау.
2. Кезендерді жоспарлау және эксперимент жүргізу.
3. Мақсаттар мен міндеттер қою.
4. Гипотезаны тексеру.
5. Гипотезаны тұжырымдау.

- A) 1, 2, 3, 4, 5
- B) 3, 5, 2, 4, 1
- C) 2, 3, 5, 4, 1
- D) 5, 3, 2, 1, 4

7. Мәтінді қалпына келтіріңіз.

Ай өздігінен _____ шығармайды. Ай Күн сәулесін _____.


- A) сәуле, шағылдырады
- B) жарық, шағылдырады
- C) сәуле, шағылдырмайды
- D) жарық, шағылдырмайды

8. Кестені пайдаланып, жануарларды қоректену түріне қарай ажыратыңыз.

1.Жабайы жануарлар		а) қараңғыда жақсы көре алады
		б) өткір тісі мен тырнағы болмайды
		в) өсімдікқоректілермен қоректенеді
2.Өсімдікқоректі жануарлар		г) басқа жауарларды қорек ете алмайды
		д) өткір тісі мен тырнағы болады
		е) түстер мен реңктерді жақсы ажыратады

- A) 1 в, д, е; 2 а, б, г
- B) 1 а, б, е; 2 в, г, д
- C) 1 а, в, д; 2 б, г, е
- D) 1 в, г, д; 2 а, б, е


9. Суретті пайдаланып, дыбыстың таралу ерекшелігін анықтаңыз. Бұл құбылысты түсіндіретін сипаттаманы көрсетіңіз.



- A) дыбыс толқындары кейбір денелерге жұтылады
- B) дыбыс толқындары ауа арқылы таралады және кедергі арқылы өтеді
- C) кейбір материалдар дыбыс деңгейін төмендетуге қабілетті
- D) дыбыс алдында тұрған кедергіге шағылып, кері қайтады

10. Суретті пайдаланып, мәтінді қалпына келтіріңіз.

Тозаңдану жүргеннен кейін _____ жеміс дамиды және тұқым түзіледі.
Суретте бұл ___ әрпімен көрсетілген.



- A) тозаңқап, Б
- B) жатын аузы, А
- C) жатын, Г
- D) тозаң, Д

11. Қате мәлімдемені табыңыз.

- A) жүйке жүйесі арқылы ми мен жұлыннан дене мүшелеріне ақпараттар келеді
- B) жүйке жүйесі адамның сыртқы орта әсерлеріне жауап қайтаруын қамтамасыз етеді
- C) ми жүйке жасушаларынан тұрады, сондықтан оттегі қажет емес
- D) жұлын зақымданған кезде ақпарат миға енуді тоқтатады

12. Сөйлемді аяқтаңыз. Зәр шығару жүйесінің негізгі қызметі-денеден _____ шығару

- A) су мен көмірқышқыл газын
- B) артық су және зиянды заттар
- C) қорытылмаған тамақ қалдықтарын
- D) тұз және артық су

13. Көлеңкенің қасиеттерін зерттей отырып, Олжас айдың тұтылуының себебі туралы сенімді қорытынды жасады. Олжастың Айдың тұтылуы қашан болатыны туралы қорытындысын толықтырыңыз.

- A) Ай Жердің көлеңкесіне түседі
- B) Айдың көлеңкесі Жерге түседі
- C) Жер Айдың көлеңкесіне түседі
- D) Айдың көлеңкесі Күнге түседі

14. Орманның табиғи тепе-теңдігі туралы мәтінді белгілі бір тіршілік ету ортасындағы қоректік тізбек моделіне сүйене отырып қалпына келтіріңіз.

Егер орманнан жәндіктермен қоректенетін құстар жоғалып кетсе, онда _____ көбейіп, салдарына шөптер, бұталар мен ағаштар зардап шегуі мүмкін. Нәтижесінде қорек аз болады және көптеген _____ орманнан тамақ іздейді. Қоректік тізбектер бұзылады, сондықтан көптеген _____ жоғалады. Мысалы, жыртқыштардың сілеусін немесе қасқырдың қорегі _____ болады. Сондықтан жыртқыш аңдар _____. Орманда осындай қызметті _____ – үкі мен сұңқар да орындайды.

Қажетті сөздер:

1) әлсіз және ауру жануарлар	4) жыртқыш құстар
2) өсімдікқоректі жәндіктер	5) орман емшілері

3) жыртқыш аңдар	6) шөпқоректі жануарлар
------------------	-------------------------

Мәтінде жетіспейтін сөздердің дұрыс тізбегі:

- A) 1, 2, 3, 4, 5, 6
- B) 6, 4, 1, 2, 5, 3
- C) 2, 6, 3, 1, 5, 4
- D) 4, 1, 2, 6, 5, 4

15. Мәтінді қалпына келтіріңіз.

Зәр шығарудың негізгі мүшесі - _____ омыртқаның екі жағында орналасқан. Мұнда артық ___ және _____ барлық қажетсіз заттардан тазартылады. Бұл мүшеден жұқа түтікше - _____ шығады. Ол арқылы несеп _____ - қа түседі. Содан кейін зәр шығарылады, Содан соң _____ зиянды және улы заттарды жоя отырып , зәр сыртқа шығалы.

Қажетті сөздер:

1. несеппағар	3. су	5. ағза
2. қан	4. бүйректер	6. қуық

Мәтінде жетіспейтін сөздердің дұрыс тізбегі:

- A) 6, 3, 4, 2, 5, 1
- B) 1, 2, 3, 4, 5, 6
- C) 5, 2, 3, 4, 5, 6
- D) 4, 3, 2, 1, 6, 5

Қазақ тілі

- Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
- Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну
- Грамматикалық нормаларды сақтау
- Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау
- Пунктуациялық нормаларды сақтау
- Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау

1. Дыбыс үндестігіне бағынбай тұрған сөзді анықтаңыз.

- A) көрімдік
- B) тартымды
- C) қимау
- D) Қазамбай

2. «Көмектесу» сөзіне сәйкес келетін тұрақты сөз тіркесін анықтаңыз.

- A) қол қусыру
- B) қол ұшын беру
- C) қол байлау болу
- D) қол арту

3. Сөйлемде қарамен берілген сөз қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

Қарлығаш **ұясын** үйдің төбесіне салады

- A) ілік септік
- B) барыс септік
- C) табыс септік
- D) жатыс септік

4. Жіктік жалғауы жалғанған зат есімді табыңыз.

- A) ұстазым
- B) ұстамын
- C) ұстазға
- D) ұстаны

5. Жазылуы бойынша орфографиялық норманы сақтап тұрған қатар:

- A) тайақ, тұссыз
- B) басшы, Сарыарқа
- C) Сарөзек, сөшшең
- D) бұрұн, азық – түлүк

6. Мезгіл үстеуді көрсетіңіз.

- A) Бүрсігүні аттанады
- B) Ілгері жүрді
- C) Қаннен-қаперсіз ұйықтады
- D) Қыруар жұмыс істедік

7. Сөйлемдегі дәлелденетін пікір мен дәлелдеу пікірін жалғап тұрған көмекші сөзді табыңыз.

Білім- байлықтан артық, себебі ол сені бағады, досыңды көбейтеді.

- A) білім
- B) артық
- C) себебі
- D) бағады

8. Көп нүктенің орнына сәйкес келетін қосымшалардың тиістісін қойыңыз.

Табиғат ... ғажайыптары, қырман... бару, қуыршақ... кигізу, үлкендер... үйрену, жіп... тоқу, мектеп... келу

- A) –тың, -нан, -ты, -ге, -ті, -тен
- B) –тың, -мен, тан, -ден, -пен, -ке
- C) –тың, -ға, -қа, -ден, -пен, -ке
- D) -тың, -ға, -пен, -ге, -тен, -ке

9. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды табыңыз

- A) -лар, -лер, -дар, -дер
- B) -хана, -кент, -күнем, -стан
- C) -шы, -ші
- D) -ға, -ге, -да, -де

10. Құрмалас сөйлемді анықтаңыз.

- A) Адал достық – алтыннан қымбат.
- B) Біздің сынып шәкірттері тәртіпті, білімді.
- C) Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.
- D) Балалар ауланың қарын күреп, тегістеді.

11. Мәтіннің түрін анықтаңыз.

Әнші құм

Әнші құм Жетісу жеріндегі Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан тауларының қасында жатыр. Құмды төбенің биіктігі – 150 метр, ұзындығы – 8, ені – 3 шақырым. Құмның «Әнші құм» аталуының өз сыры бар.

Жел соққан кезде ұсақ-ұсақ құмдар төмен қарай жылжиды. Осы кезде сырнайдың даусына ұқсас әп-әдемі ән құлаққа естіледі.

Сол себепті «Әнші құм» деп аталады. Ал қатты жел соқса, әлгі әдемі үн реактивті ұшақтың дауысына ұқсайды. Жел соққан сайын құм формасын жиі-жиі өзгертіп отырады. Жібек жолының бойында орналасқан «Әнші құмның» даусын есту үшін жолаушылар алыс-алыс жерлерден әдейі келеді.

Сондықтан, «Әнші құм» табиғат ескерткіші ретінде мемлекет қамқорлығына алынған.

Ол «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағының құрамына кіреді.

- A) әңгімелеу
- B) сипаттау
- C) пайымдау
- D) хабарлау

12. Құрмалас сөйлемді анықтаңыз.

1. Еңбек түбі- береке		a) бесігінді түзе
2. Жақсы адам- елдің ырысы		b) көптің түбі -мереке
3. Батыр туса- ел ырысы		c) жақсы жер- жанның тынысы
4. Ел боламын десең		d) жаңбыр жауса- жер ырысы

- A) 1-b, 2-d, 3-c, 4-a
- B) 1-b, 2-d, 3-a, 4-c
- C) 1-b, 2-c, 3-d, 4-a
- D) 1-b, 2-c, 3-a, 4-d

13. Пайымдаудың алғашқы бөлігіне сәйкес түсіндірмені қолдану арқылы мәтінді толықтырыңыз.

Кемпір мен шал қызға «Түймеқыз» деп ат қойды, өйткені ...

- A) оны түймелердің арасынан тауып алды
- B) оның үлкендігі түймедей- ақ еді
- C) қыздың бетінде түймедей қара меңі бареді
- D) қыздың көйлегінің түймелері көп болатын

14. Сөйлемдердің ретін қоя отырып, мәтін құраңыз.

1. Қаланың орны Отырартөбе деп аталады. 2. Отырар – көне қала. 3. Отырар қаласында ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған. 4. Отырарда сәулетті сарайлар мен мешіттердің болғанын дәлелдейтін жәдігерлер көптеп кездеседі. 5. Бұл жерде қыш ыдыстардың қалдықтары көп.

- A) 1, 3, 2, 4, 5
- B) 2, 3, 4, 5, 1
- C) 2, 1, 5, 3, 4
- D) 4, 5, 3, 1, 2

15. Мәтіннің қай стильге жататынын көрсетіңіз.

Медеу – Алматыдағы мұз айдыны. Медеу табиғи мұз айдыны. Медеу Спорт Кешені 1972 жылы тұрғызылды. Әлемдегі ең атақты мұз айдындарының бірі. Он мыңнан аса көрерменді сыйғызады. Айдынның ортаңғы бөлігі хоккей ойынына және мәнерлеп сырғанауға арналған. Кешенде екі жүзу бассейні, спорт залы, мейманхана, асхана, кинозал, кітапхана орналасқан.

- A) публицистикалық стиль
- B) ресми іс қағаздар стилі
- C) көркем әдебиет стилі
- D) ғылыми стиль

Әдебиеттік оқу

- *Аудио/бейне ақпараттың мазмұнын түсіну және ол бойынша өз пікірін білдіру*
- *Мәтінді талдау*
- *Әртүрлі дереккөздерден ақпараттарды алу*

1. Суреттелген затты шамадан тыс асырып айту тәсілін көрсетіңіз.

- A) аллитерация
- B) әсірелеу
- C) кейіптеу
- D) теңеу

2. Өлеңнен аллитерацияны табыңыз.

Әр ауылы - ән отау,
Жетісу - жер жаннаты.
Асқаралы Алатау
Құшағында - Алматы.

- A) Әр ауылы - ән отау
- B) Жетісу - жер жаннаты
- C) Асқаралы Алатау
- D) Құшағында - Алматы

3. Сөйлемді толықтырыңыз.

Қарты бар үйдің -

- A) қонағы бар
- B) шежіресі бар
- C) шаңырағы берік
- D) қазынасы бар

4. Мақал- мәтелді құрастырыңыз.

Ақыл - кімнен шығады, асыл - неден шығады?

- A) бастан, тастан
- B) жастан, тастан
- C) атадан, тастан
- D) жастан, алтыннан

5. Әдебиеттегі көркемдегіш құрал, заттар мен құбылыстарды сипаттайтын бейнелі сөзді көрсетіңіз.

- A) эпитет
- B) теңеу
- C) кейіптеу
- D) бейнелеу

6. Барлас ақынның Абайға айтқан сөзінің астарында не жатқанын анықтаңыз.

Шырағым, ержетерсің,
Ержетсең, сірә, не етерсің?!
Алысқа шырқап кетерсің,
Шыңдасаң, шыңға жетерсің.

- A) сүйсіну
- B) күдіктенуі
- C) таңданыс
- D) сенім

7. Толық мазмұндауға қатысты анықтаманы көрсетіңіз.

- A) Мәтіндегі ең маңызды тұстарды өз сөзімен қысқартып айту
- B) Мәтінді оқып, түсініп, мазмұнын айтып беру
- C) Мәтінді авторлық нұсқаға мейлінше жақын етіп мазмұндау
- D) Мәтінді сипаттау, сахналау, оқиғаның дамуын болжап, өзгертіп мазмұндау

8. Шығарманың құрылымын ретімен қойыңыз.

1. Оқиғаның басталуы. 2. Шиеленісуі. 3. Шарықтау шегі. 4. Шешімі. 5. Дамуы

- A) 1.5.2.3.4.
- B) 1.4.3.2.5
- C) 1.5.4.3.2.
- D) 1.5.2.3.4.

9. Берілген иллюстрацияны тақырыбымен сәйкестендіріңіз



- A) «Ғажайып бақ» ертегісі
- B) «Байлық пен ақыл» ертегісі
- C) «Сатылған көлеңке» ертегісі
- D) «Бақыт» деген не?» ертегісі

10. Өлеңге сәйкес келетін мақалды анықтаңыз.

Ойлағандар ұғады,

«Сақтық жақсы», - деп келем.

Өрт ұшқыннан шығады,

Ойнамаймын отпенен.

- A) Сақтықта қорлық жоқ
- B) Сақтанып жүр
- C) Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
- D) Отпен ойнама

11. Мәтіндегі ақпараттарды пайдалана отырып жоспарға енгізетін тұсын көрсетіңіз

Арман мен күшік

Арман күш-жігерлі бала болып өсті. Барлық балалар одан қорқатын. Қорықпауға амал бар ма? Ол жолдастарын ұрып-соғып, қыздарды айыр садақпен ататын. Ақтөс атты күшігінің құйрығын басып, мысығының мұртын жұлып, кішкентай кірпіні төсек астына қуып, тіпті өзінің әжесіне дөрекі сөйлейтін. Арман ешкімнен қорықпайтын және осы қылығын өте мақтан тұтты.

Ұлдар Арманмен ойнамайтын болды. Ол қыздарға барып еді, бірақ олар теріс бұрылды. Арман Ақтөс атты күшігіне жақындап ойнағысы келді, күшік көшеге қарай қашып кетті. Ол енді мысығымен ойнағысы келді. Мысық Арманнан қашып, шкафтың ішіне кіріп кетті. Диванның астынан кірпіні шығаруға тырысты, ешнәрсе шықпады. Кірпі басқа үйге көшіп кеткен еді. Арман әжесіне жақындады, ол немересіне мүлдем назар аудармады. Белменің бір бұрышында жарма сұрыптап, көздерінен аққан жас тамшыларын сүртіп отыра берді.

Арман үшін аспанға қара бұлт төнгендей болды. Арман жападан жалғыз қалды.

- A) қара бұлт

- B) Арманның жалғыз қалмауы
- C) Арманның әлімжеттігі
- D) бөлменің бұрышы қара бұлт

12. Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтаңыз.

Тоғызқұмалақ арнаулы тақтада ойналады. Тоғызқұмалақ - ұлттық ойындарымыздың бірі. Біздің елімізде тоғызқұмалақтан жарыстар өтеді. Тоғызқұмалақ - нағыз ұлттық мұра.

- A) Тоғызқұмалақ арнаулы тақтада ойналады.
- B) Тоғызқұмалақ - ұлттық ойындарымыздың бірі.
- C) Біздің елімізде тоғызқұмалақтан жарыстар өтеді.
- D) Тоғызқұмалақ - нағыз ұлттық мұра.

13. Мәтін мазмұнына сай тақырыпты анықтаңыз.

Бір кісі жол үстінде келе жатқанда оны қатты шөл қысады. Ол айналасына қарап су іздейді. Сол маңнан құдық табады. Ол құдыққа түсіп, шөлін қандырады да, шүкіршілік етіп, жолын ары қарай жалғастырады. Жолдың бойында шөлден тілі салақтаған бір итті көзі шалады. Иттің қатты шөлдегені соншалық, ылғал топырақты жалап тұр екен.

Оны көрген әлгі кісі: «Менің басыма түскен хал мына итке де түсіпті-ау!» - деп құдық ішіне қайта түсіп, аяқ киіміне су толтырып шығып әлгі итке су береді.

- A) Мейірімділік
- B) Тәкаппарлық
- C) Өзімшілдік
- D) Өшпенділік

14. Берілген мәтіннен негізгі ақпаратқа жатпайтын нұсқаны табыңыз.

Киіз үй

Киіз үйдің құрылысы мен жасалу жолдарына, этнографиялық ерекшеліктеріне жеке тоқталайық. Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады да, қалмақы түрінің төбесі шошақтау келеді. Қазақ үйлері пайдалануына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы: қара үй (3 қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үздік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретіне бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады.

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:

1. Төр – бұл үйдің жоғары әрі қымбат орны. Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Жас келіндер бұл жерді баса бермейді.
2. Сол жақ – (кіргенде оң жақ) үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқ тұрады. Оны шимен жауып қояды.
3. Оң жақ – (кіргенде сол жақ) мұнда балалары орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрман, киім ілінеді.
4. От орны – қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылады, қазан асылады.

- A) Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады.
- B) Көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретіне бейімделген үй түрлері.
- C) Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді.
- D) Қазақы үйлер тек бай-шонжарларда ғана болады.

15. «... Дегенмен көргендінің аты- көргенді-ау, шіркін! «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі», деп халық тегін айтты дейсің бе!» үзінді қай мәтіннен алынғанын табыңыз.

- A) Бақыт деген -не?

- B) Шал мен бала
- C) Ғажайып бақ
- D) Ұшқан ұя

ЖАУАБЫ

Бөлім/ Тапсырма №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Математика	A	C	D	B	D	A	A	C	D	B	A	C	A	C	B
Жаратылыстану	C	C	D	B	D	B	B	C	D	C	C	B	A	C	D
Қазақ тілі	D	B	C	B	B	A	C	C	B	C	C	C	B	C	D
Әдебиеттік оқу	B	B	D	B	A	D	C	D	C	A	C	D	A	D	B